

"АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ" МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ СОЛТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИИАЛЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ

ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

20 22 ж. 21 " Ақпан

ЖАРҒЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТІРКЕЛДІ

БСН 990240005925

2020 ж. 27 " Ақпан



Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2022 жылғы «16» ақпандағы
№ 229 қаулысына
қосымша

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2020 жылғы «23» қаңтардағы
№ 9 қаулысымен бекітілді

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Көп бейінді облыстық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

Петропавл қаласы 2022 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының «Көп бейінді облыстық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) денсаулық сақтау саласында өндірістік - шаруашылық қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Кәсіпорын «Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалар әкімшілері мекемелерінің мәселелері» облыс әкімінің 1999 жылғы 15 қаңтардағы шешіміне сәйкес «Мемлекеттік денсаулық сақтау кәсіпорындарының тізбесін бекіту туралы» денсаулық сақтау департаментінің 1999 жылғы 18 қаңтардағы № 28 бұйрығының негізінде қайта құру жолымен құрылды.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

Кәсіпорында филиалдар мен өкілдіктер жоқ.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы және Кәсіпорын мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығының субъектісі Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган).

Жергілікті атқарушы органның заңды мекенжайы:

Қазақстан Республикасы 150011 Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

3. Тиісті саланың уәкілетті органының заңды мекенжайы:

Қазақстан Республикасы 150000 Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Театральный көшесі, 56 «А».

4. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Көп бейінді облыстық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын;

орыс тілінде: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница» коммунального государственного учреждения «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области».

Кәсіпорынның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «СҚО әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көп бейінді облыстық аурухана» ШЖҚ КМК

орыс тілінде: КГП на ПХВ «Многопрофильная областная больница» КГУ «Управление здравоохранения акимата СҚО».

5. Кәсіпорынның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы 150010 Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Евгений Брусиловский көшесі, 20.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

6. Кәсіпорын мемлекеттік тіркеген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

7. Кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, заңнамамен белгіленген және осы Жарғы шегінде иелік ететін және пайдаланатын шаруашылық жүргізу құқығындағы окшауландырылған мүлкі, дербес теңгерімі, ҚР заңнамасына сәйкес банкттерде шоттар, Қазақстан Республикасының заңдарымен және Кәсіпорын Жарғысымен көзделген қызметтен алған қаражат есебі мен шығындарын атқару жөніндегі операцияларға арналған есептік шоттары, банкттердің мекемелері мен өзге кредиттік мекемелерде ақшалай қаражат сақтауға және есептесудің, кредиттік және кассалық операциялардың барлық түрлерін жүзеге асыратын шоттары бар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және фирмалық атауы бар мөрі, бланктері, мөртабандары мен өзге ресми атрибуттары бар. Мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие және оларды жүзеге асырады, жауапкершілік тартады, міндеттер орындайды, сондай-ақ сотта талапшы және жауапкер болады.

8. Кәсіпорын жергілікті атқарушы органның келісімімен басқа да заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушы) бола алады.

9. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

10. Кәсіпорын қызметінің мәні медициналық қызметтің әртүрлі түрлерін жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және ақылы медициналық қызметтер аясында ересек және бала тұрғындарға білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған стационарлық, стационар алмастырушы консультативтік-диагностикалық және амбулаториялық – емханалық медициналық көмекпен, сондай-ақ Петропавл қаласына жолдама бойынша жұмысқа келген дәрігерлер мен жоғары оқу мекемелерінің түлектеріне әлеуметтік көмек көрсетуді қамтамасыз ететін көпбейінді медицина ұйымы болып табылады.

11. Кәсіпорын қызметінің мақсаты ересек және бала тұрғындарға қолжетімді және сапалы медициналық көмек көрсету, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық қызмет көрсету, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және ақылы медициналық қызметтер шеңберінде тұрғындарға стационарлық, стационарды алмастыратын көмекті және амбулаториялық-емханалық медициналық көмекті дамыту және жетілдіру жолымен облыстың ересек және бала тұрғындардың денсаулығын жақсарту болып табылады.

12. Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) ересек тұрғындарға стационарлық медициналық көмек;
- 2) Бала тұрғындарға стационарлық медициналық көмек;
- 3) Ересек және бала тұрғындарға консультациялық-диагностикалық медициналық көмек;

4) Ересек және бала тұрғындарға стационарды алмастыратын көмек;

5) Фармацевтикалық қызмет:

Кәсіпорынның барлық бөлімшелерін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету; тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өткізу;

дәрілік препараттарды дайындау;

медициналық бұйымдарды дайындау.

6) диагностика: зертханалық, ультрадыбыстық, рентгенологиялық, функционалдық, эндоскопиялық, патологиялық анатомия, радиологиялық;

7) Ересек және бала тұрғындарға амбулаториялық-емханалық медициналық көмек;

8) Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы қызмет;

9) есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды сатып алуға, сақтауға, таратуға, пайдалануға және жоюға байланысты қызмет.

13. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсаттарына жауап бермейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқығы жоқ.

14. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

15. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдарын еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

16. Жергілікті атқарушы орган:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;
- 3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;
- 4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;
- 5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

17. Тиісті саланың уәкілетті органы:

- 1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;
- 2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;
- 3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылайды және талдайды;
- 4) Кәсіпорын мүлкін пайдаланылуын мен сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 5) Кәсіпорын мүлкінің есебін ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

5. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

18. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорында тиісті саланың уәкілетті органының ұсынысы бойынша Кәсіпорын органы – байқау кеңесі құрылуы мүмкін.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорындарына байқау кеңесін жүргізу Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

19. Байқау кеңестері құрылатын Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынға қойылатын критерийлерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.

20. Байқау кеңесін құру тәртібін, байқау кеңесі құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.

21. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау тәртібі және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

22. Байқау кеңесінің өкілеттігі мен отырыстарын өткізу тәртібі:

1) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды дамыту жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) Кәсіпорынды дамыту жоспарының орындалуы туралы, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі есептің жобасын келіседі;

3) демеушілік және қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорын иелігінде қалған таза табысты бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттарымен кедергісіз танысады және тиісті саланың уәкілетті органына көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін ұсыныс енгізеді;

5) тиісті саланың уәкілетті органының Басқарма төрағасын (Бас директордың) тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселесі жөніндегі ұсынысын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге катысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде Кәсіпорын қызметкерлерінің, Басқарма төрағасының (бас директорының), оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттілік мерзімін және еңбек ақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

10) тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға катысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) тиісті саланың уәкілетті органы филиалдар мен өкілдіктер құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

23. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру үшін байқау кеңесі жанынан жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

24. Ішкі аудит қызметі байқау кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

25. Ішкі аудит қызметі өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Ішкі аудит қызметі туралы ережені, Кәсіпорынның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын қолдануға құқылы.

26. Ішкі аудит қызметі қызметінің негізгі мақсаты Кәсіпорынның Байқау кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруде жүйелі тәсілді қолдану жолымен Кәсіпорынды тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты ұсыну болып табылады.

6. Кәсіпорынның атқарушы органы - Басқарма

27. Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ағымдағы қызметіне басшылықты «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 150-1-бабы негізінде атқарушы орган Басқарма (бұдан әрі - Басқарма) жүзеге асырады.

28. Басқарма Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның және Кәсіпорынның Байқау кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

29. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Кәсіпорынның Жарғысымен, Басқарма туралы Ережемен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ еңбек шарттарымен анықталады.

30. Басқарманың төрағасы мен мүшелерін байқау кеңесінің ұсынысы бойынша қызметке тағайындайды және оның алдын ала келісімі бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қызметтен босатады.

31. Басқарма төрағасы (Бас директоры) Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі мен мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

32. Кәсіпорын басқармасының төрағасы (Бас директоры) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыруға дербес жауапты болады, сондай-ақ ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді.

33. Кәсіпорын басқармасы Қазақстан Республикасының заңдарымен және Жарғымен Кәсіпорынның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

34. Басқарманың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің барлығы қол қоюы және дауыс беруге қойылған мәселелер, әрбір мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелерін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары болуға тиіс.

35. Басқарма төрағасы (Бас директоры):

- 1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган мен байқау кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Кәсіпорын атынан әрекет етеді;
- 3) банк шоттарын ашады, барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 4) үшінші тұлғалармен қатынастарда Кәсіпорын атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
- 6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 7) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;
- 8) Кәсіпорынның ағымдағы қызметіне қатысты барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

7. Кәсіпорынның мүлкі

36. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.
37. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.
38. Кәсіпорын мүлкі төмендегілер есебінен құралады:
 - 1) оған меншік иесі берген мүліктің;
 - 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздері.
39. Кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген, негізгі қаражатқа жатқызылатын мүлікке қатысты сыйға беруге және оған мәміле жасауға құқығы жоқ.
40. Кәсіпорын мүлкінің құрамына ғимараттар, үймереттер, жабдықтар, мүкәммал, көлік, жер учаскесіне құқықты қоса алғанда, оның қызметіне арналған мүліктің барлық түрі кіреді.
41. Мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.
42. Кәсіпорынның қарамағында оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін оған қажетті не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік қана болуы мүмкін.

43. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын

және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

44. Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

45. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

46. Кәсіпорынның негізгі құралдарына жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

47. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 - тармақтарында және осы Жарғыда көзделген жағдайларда тоқтатылады.

48. Осы Жарғының 47-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Кәсіпорыннан мүлікті жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

1) шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;

2) артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қоюға жатқызылады.

49. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті атқарушы орган тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорыннан бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

50. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде жергілікті атқарушы орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

51. Кәсіпорын тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен филиалдар, өкілдіктер құруға құқылы.

52. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығына бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

53. Егер Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінде немесе жергілікті атқарушы орган өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 52-тармақтарында

көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

8. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

54. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

55. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін жергілікті атқарушы орган белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіпте тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

56. Кәсіпорын өндіретін және іске асыратын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің шығынсыздығын және өзінің кіріс есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік тапсырысты орындау есебінде өндірілген және іске асырылған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органның талабы бойынша белгіленеді.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 196-бабына сәйкес көрсетіледі.

Мемлекеттік тапсырыстан асыра өндірілген және іске асырылған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын Кәсіпорын дербес белгілейді.

57. Ақылы медициналық қызметтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес көрсетіледі.

58. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

9. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

9. Кәсіпорынның жарғылық капиталдың көлемі 4 331 512 106 (төрт миллиард үш жүз отыз бір миллион бес жүз он екі мың жүз алты) теңгені құрайды және жергілікті атқарушы органмен 100% қалыптастырды.

10. Кәсіпорынның есепке алу және есептілігі

60. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін құру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және жергілікті атқарушылық органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

61. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

62. Байқау кеңесі бар Кәсіпорын жылдық қаржылық есеп беру аудитін жүргізуге міндетті. Кәсіпорын аудиті байқау кеңесінің, басшының (бас директордың), жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

11. Кәсіпорынның жауапкершілігі

63. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

12. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

64. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

65. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

66. Кәсіпорынның және тиісті саланың уәкілетті органының арасындағы, Кәсіпорын мен жергілікті атқарушы орган арасындағы қатынас қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді және реттеледі.

13. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

67. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

68. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

14. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

69. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізеді.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

70. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

71. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.


15. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

72. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша жергілікті орындаушы органның қаулысымен енгізіледі.

Бас директордың м. а.

Ақерке С.Ө.





Приложение
к постановлению акимата
Северо-Казахстанской области
от «11» октября 2022 года
№ 229

Утвержден
постановлением акимата
Северо-Казахстанской области
от «23» января 2020 года
№ 9

УСТАВ
коммунального государственного предприятия
на праве хозяйственного ведения
«Многопрофильная областная больница»
коммунального государственного учреждения
«Управление здравоохранения акимата
Северо-Казахстанской области»

город Петропавловск 2022 год

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница» коммунального государственного учреждения «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области» (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения, осуществляющим производственно-хозяйственную деятельность в области здравоохранения.

Предприятие создано путем преобразования на основании приказа департамента здравоохранения № 28 от 18 января 1999 года «Об утверждении перечня государственных предприятий здравоохранения» в соответствии с решением акима области от 15 января 1999 года № 10 «Вопросы учреждений администраторов программ, финансируемых из областного бюджета».

Предприятие вправе создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Предприятие филиалов и представительств не имеет.

2. Учредителем Предприятия и субъектом права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия является акимат Северо-Казахстанской области (далее - местный исполнительный орган).

Юридический адрес местного исполнительного органа:

Республика Казахстан, 150011, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица Конституции Казахстана, 58.

3. Юридический адрес уполномоченного органа соответствующей отрасли:

Республика Казахстан, 150000 Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица Театральная, 56 «А».

4. Наименование Предприятия:

на государственном языке: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Көп бейінді облыстық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын;

на русском языке: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница» коммунального государственного учреждения «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области».

